

**«Ақтөбе облысы білім басқармасының Мәртөк ауданы бойынша білім бөлімі Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ**

**«Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ-нің  
2023-2024 оқу жылы бойынша білім беру қызметінің өзін – өзі бағалау  
қорытындысы**

## Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

- "Ақтөбе облысы Білім басқармасының Мәртөк ауданы бойынша білім бөлімі Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі" КММ заңды тұлға болып табылады. Мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік БСН 980140002894 28.01.2021 ж.
- Лицензия № KZ 81 LAA00023963 Білім беру қызметі.
- Білім беру ұйымын басқару Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №469 қаулысымен бекітілген Басқармаға сәйкес жүзеге асырылады.
- Кадастр № 02-029-003-182 техникалық паспорты бар.
- 29.07.2008 жылы №0081945 тұрақты жер пайдалану құқығын беретін Акт
- Білім беру ұйымында номенклатура бар және барлық құжаттама номенклатура бойынша тексерілді.
- Білім бөлімінен қабылдау комиссиясы мектебінің дайындығын тексеру актісі
- Ғимарат 1960 жылы пайдалануға берілген, 150 орынға лайықталған ғимаратта орналасқан, ғимараттың жалпы ауданы 2466,0 шаршы метрді құрайды.
- Ғимарат Достық ауылында орналасқан. Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы, Достық ауылы Бауыржан Момышұлы көшесі, 19 үй.
- Телефон нөмірі: 8-71331-72-6-63, <http://verenskaya.martuk.edu.kz/web-сайт>:
- Білім беру ұйымының ғимаратын жылытуы – қатты отынмен, білім беру ұйымының ғимаратын сумен жабдықтау-орталықтандырылған, ішкі санитариялық торап бар.
- Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымы "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы" «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алады және оқу-тәрбие процесін мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады:
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 тамызда №29136 қаулысы.
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы) (өзгерістер енгізілген);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары («Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 2019 жылғы 26 шілдесіндегі №334 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)
- ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығымен бекітілген Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде білім алушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзіліс (2-ші немесе 3-ші сабақтан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі. Мектеп алды сыныптардағы сабақтардың барынша рұқсат етілген саны- ұзақтығы 25-30 минуттан төрт сабақтан аспайды. Сабақтар арасындағы үзілістер кемінде 10 минут борлуы тиіс.
- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);
- Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарында оқу-тәрбиелеу процесі 1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін жүзеге асырылады (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі). Мектепке дейінгі даярлық сыныптары

үшін каникул күндері мектептердің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес белгіленеді (ҚР БҒМ №595 бұйрығы).

- «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беретін ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама)
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) өзгерістермен 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы 1,2-қосымшасы негізінде жүзеге асырылады;
- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);
- "Педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " (ҚР БҒМ 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 55-қосымша.

### 1. Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер.

2024 жылдың 13 маусымы мерзімінде мектебімізде барлығы –23 мұғалім бар. Оның – 22 жоғары, 2 мұғалімде – арнайы орта білімі бар. Педагог – зерттеуші санатында – 2, педагог – сарапшы санатында – 6, педагог – модератор – 4 мұғалім, педагог біліктілігі бар-6 мұғалім, 1 санатта – 1, санаты жоқ – 4 мұғалім

#### Педагогтардың білімі бойынша мәлімет:

Пәндер	Жоғары білімді	Арнайы орта білімді
Қазақ тілі мен әдебиеті	3	
Орыс тілі мен әдебиеті	2	
Ағылшын тілі	1	
Математика	1	
Физика, информатика	1	
Химия, биология	1	
Химия	1	
Биология	1	
География, тарих	1	
Тарих	1	
Бастауыш сынып	5	1
Көркем еңбек	1	
Дене шынықтыру	2	
МАД		1
<b>Барлығы</b>	<b>21</b>	<b>2</b>
Пайыздық көрсеткіші	<b>91%</b>	<b>9%</b>

#### Мектеп әкімшілігінің аттестациядан өтуі туралы ақпарат.

Пәндер	1 санат	2 санат	3 санат	Санты жоқ
Мектеп директоры	0	0	0	1
Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	0	0	0	1
Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	0	0	0	1
<b>Барлығы</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>3</b>
Пайыздық көрсеткіші	0%	0%	0%	13%

**Педагогтардың біліктілік санаты бойынша:**

Пәндер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	I (бірінші)	Санаты жоқ
Қазақ тілі мен әдебиеті	1			2		
Орыс тілі мен әдебиеті		1		1		
Ағылшын тілі						1
Математика						1
Физика, информатика					1	
Химия, биология		1				
Химия				1		
Биология						1
География			1			
Тарих			1			
Бастауыш сынып	1	4	1			
Көркем еңбек						1
Дене шынықтыру				2		
МАД			1			
<b>Барлығы</b>	<b>2</b>	<b>6</b>	<b>4</b>	<b>6</b>	<b>1</b>	<b>4</b>
Пайыздық көрсеткіші	8,7%	26,1%	17,4%	26,1%	4,3%	17,4%

**Гуманитарлық бірлестік.**

Пәндер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	I (бірінші)	Санаты жоқ
Қазақ тілі мен әдебиеті	1			2		
Орыс тілі мен әдебиеті		1		1		
Ағылшын тілі				1		
Тарих			1			1
<b>Барлығы</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>4</b>		
Пайыздық көрсеткіші	4,3%	4,3%	4,3%	17,4%	0%	4,3%

**Жаратылыстану-математикалық бірлестік:**

Пәндер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	I (бірінші)	Санаты жоқ
Математика						1
Физика, информатика					1	
Химия, биология		1				
Химия				1		
Биология						1
География			1			
<b>Барлығы</b>	<b>0</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>2</b>
Пайыздық көрсеткіші	0%	4,3%	4,3%	4,3%	4,3%	8,7%

**Бастауыш сынып бірлестігі.**

Пәндер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	I (бірінші)	Санаты жоқ
Бастауыш сынып	1	4	1			
МАД			1			
<b>Барлығы</b>	<b>1</b>	<b>4</b>	<b>2</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
Пайыздық көрсеткіші	4,3%	17,4%	8,7%	0%	0%	0%

**Эстетикалық, дене шынықтыру пән бірлестігі:**

Пәндер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	I (бірінші)	Санаты жоқ
--------	-------------------	-----------------	-------------------	---------	-------------	------------

Көркем еңбек						1
Дене шынықтыру				2		
<b>Барлығы</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>2</b>	<b>0</b>	<b>1</b>
Пайыздық көрсеткіші	0%	0%	0%	8,7%	0%	4,3%

### Бастауыш сыныптағы пән мұғалімдері

Пәндер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	I (бірінші)	Санаты жоқ
Қазақ тілі				1		
Орыс тілі мен әдебиеті		1				
Ағылшын тілі						1
Бастауыш сынып	1	5	1			
Көркем еңбек						1
Дене шынықтыру				2		
МАД			1			
<b>Барлығы</b>	<b>1</b>	<b>6</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>0</b>	<b>2</b>
Пайыздық көрсеткіші	4,1%	26,1%	8,7%	13,1%	0	8,7%

### Педагогтардың жетістіктері мен марапаттары туралы ақпарат:

Мұғалімнің аты - жөні	Қатысқан байқау атауы	Нәтижесі
Нұрбергенова Б.Т	Көркем еңбек пәні мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиадада белсенділік танытқаны үшін	Алғыс хат

Үнемі ізденісте болып мұғалімдер әрдайым өздерінің біліктіліктерін арттырып отырады. Биылғы оқу жылында білім жетілдіру курстарынан 1 мұғалім өтті.

### Білім алушылар контингенті

Мектепте 2023-2024 оқу жылында 12 сынып, 4 сынып-комплект бар. Оның ішінде 3-4Б, 5-8Б, сыныптары біріккен.

### Оқушылар қозғалысы бойынша ақпарат:

Сынып	2023-2024 оқу жылы басында	Қыз дар	Кетті	Қыз дар	Келді	Қыз дар	2023-2024 оқу жылы соны	Қыз дар
1А	4				1		5	
2А	6	4					6	4
3А	9	3	1		1	1	9	4
3Б	2	1					2	1
4А	8	6			1		9	6
4Б	1						1	
<b>Бастауыш буын</b>	<b>30</b>	<b>14</b>	<b>1</b>		<b>3</b>	<b>1</b>	<b>32</b>	<b>15</b>
5А	6	4					6	4
5Б	2						2	
6А	1	1	1	1			0	0
7А	10	8					10	8
8А	11	9	1		1	1	11	10
8Б	1						1	
9А	7	3					7	3
<b>Орта буын</b>	<b>38</b>	<b>25</b>	<b>2</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>1</b>	<b>37</b>	<b>25</b>
<b>Жалпы мектеп</b>	<b>68</b>	<b>39</b>	<b>3</b>	<b>1</b>	<b>4</b>	<b>2</b>	<b>69</b>	<b>40</b>

## **Оқу – тәрбие жұмысының барысы**

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспары

2023 – 2024 оқу жылында мектеп

**Мектептің мақсаты:** «Сапалы білім, саналы тәрбие беру»

### **Міндеттері:**

- Оқу бағдарламасы бойынша оқушыларға білім беруде білім стандартының талаптарын қамтамасыз ету;
- Оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруда ата-аналармен тығыз байланыста болу;
- Оқушылардың сабаққа қатысуына, жан-жақты дамуына педагогикалық басшылық жасау;
- Мониторинг жасау;

Мектебіміздің тақырыбын ашу үшін, алға қойған тапсырмаларды шешу үшін мектепте педагогикалық кеңестер, әдістемелік семинарлар, сыныптан тыс жұмыстар, мектепішілік бақылаулар жыл бойы жүргізілді.

Мектептің оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты және "Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы" нұсқаулық-әдістемелік хат негізінде құрастырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы негізінде оқу жоспары жүргізіледі. Оқу жоспарын құру кезінде оқу сатылары мен сыныптар арасындағы сабақтастық сақталды. Тақырып циклдері, жеке заттар арасындағы тепе-теңдік. Оқушыға апталық жүктеме деңгейі рұқсат етілген деңгейден аспады. Мектептегі (вариативті) компоненттің сағаттары танымдық қызығушылықтың қалыптасуын ескере отырып қолданылды. Мектептің жылдық жоспары мектептің негізгі бағыттарын көрсетеді. Оқу жоспарларын, барлық құрылымдық бөлімшелер бойынша жұмыс талдауларын, жалпыға бірдей бастауыш, негізгі орта білім алуға оқушылардың құқықтарын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды, педагог кадрлармен жұмысты қамтиды. Оқу-тәрбие процесіне басшылық ету және бақылау, ата-аналармен жұмыс, МТБ-ны нығайту. (бағаланатын кезең үшін жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі)

### **2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелері.**

Мектептің оқу жоспары білім беруге бағытталған міндеттер мен мақсаттар жүзеге асыруда нормативті-құқықтық база негізінде жасалынды. Оқу жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде құрылды.

### **Оқу процесін ұйымдастыру кезінде басшылыққа алынатын құжаттар:**

- Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) (өзгерістермен 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы) (өзгерістермен және толықтыруларымен);
- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);  
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын, оқу бағдарламаларын әзірлеу «Мәңгілік ел» құндылықтарына бағдарлануымен жүзеге асырылуда.

Мектеп жоғарғы деңгейіндегі бағдарлап оқытудың маңызды бөлігі негізгі мектептің 8-9 сыныптарында ұйымдастырылатын бағдаралды дайындық болып табылады. Ол құрамдас үш бөліктен тұрады.

Кәсіби бағдарлы бойынша ақпарат беру.

Кәсіби бағдарлау бойынша таңдау курстарын ұйымдастыру.

Психологиялық көмек беру.

Мектепте сыныптарға сабақ кестесін құру кезінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, материалдық-техникалық базаны және кадр ресурстары ескеріледі. Сондай - ақ, біз күн мен апта бойы білім алушылардың ақыл-ой жұмысқа қабілеттілігінің динамикасын және "білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ -76 бұйрығы) (өзгеріс енгізілген 31.03.2022 № ҚР ДСМ-31) сәйкес қиындықтар бойынша пәндерді саралау кестесін пайдаланамыз. *(Бағаланатын кезең үшін оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестелерінің көшірмелері қоса беріледі)*

### **3) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;**

Оқу жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде құрылды.

#### **Оқу процесін ұйымдастыру кезінде басшылыққа алынған құжаттар:**

-«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) (өзгерістермен 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы) (өзгерістермен және толықтыруларымен);

-«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқуәдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндері бойынша негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары (2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша енгізілген өзгерістермен»);

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз етілуде. Білім мазмұны жаңартылған бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын, оқу бағдарламаларын әзірлеу «Мәңгілік ел» құндылықтарына бағдарлануымен жүзеге асырылуда.

### **4) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру**

**Тәрбие жұмысының мақсаты:** жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;

ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;

жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, тандауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Біздің мектептің мұғалімдері тәрбие процесін оқушылардың рухани-адамгершілік даму жүйесі ретінде қарастырады. Мектептің тәрбие қызметінің барлық жүйесі "Жас Қыран" «Жас Ұлан» оқушылардың өз бетінше әрекет ететін, өзін-өзі басқаратын бірлестігін жандандыруға бағытталған. Мектептің педагогикалық ұжымы балалардың бастамасын, дербестігі мен жауапкершілігін дамытуға үлкен көңіл бөледі. "Жас Қыран" «Жас Ұлан» балалар ұйымының жұмысы кешенді тәрбие бағдарламасы бойынша барлық бағыттар жүргізіледі, ұйымдардың



әнұраны, елтаңбасы бар. Жыл сайын оқушылар "Жас Қыран" балалар-жасөспірімдер ұйымына белсенді түрде қатысады. Үлгілі тәртібімен жақсы оқығаны үшін жылын 1 рет «Жас қыранға», «Жас ұланға» қабылдау болады. Сыныптан тыс жұмыстардың барлығы мұқият жоспарланған және жақсы ұйымдастырушылық және көркемдік деңгейде өтіп, әр жасалған жұмыстан кейін талдау жасалады.

Тәрбие жұмысының барлық бағыттары тәрбие іс - шараларының жаппай болуымен бірге тәрбиеге жеке тұлғаға бағытталған көзқарасты жүзеге асыруға және тәрбие жұмысының барлық аспектілерінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ынталандыруға мүмкіндік береді. Әр түрлі іс-шаралар көптеген балаларды әртүрлі іс-шараларға тартуға мүмкіндік береді, бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Тәрбиелік іс-шараларды өткізу формалары әртүрлі: тақырыптық кештер, тақырыпқаа сай адамдармен кездесулер, слайд-шоу, презентациялар, әдеби-сазды кеш, мерекелер, дәрістер және т. б.

Мектептің білім беру жүйесі бүкіл педагогикалық процесті қамтиды, оқу сабақтарын, балалардың сабақтан тыс өмірін, мектептен тыс әр түрлі іс -шаралар мен қарым-қатынасты, білім беру кеңістігін үнемі кеңейтетін әлеуметтік, табиғи, пәндік-эстетикалық ортаның әсерін қамтиды. Біздің мектептің тәрбие жүйесі бала тұлғасының бейімділіктері мен қабілеттерін дамыту және іске асыру үшін жағдай жасайды.

«Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ

2023-2024 оқу жылындағы Секция жұмыстарының өту кестесі

№	Атауы	Күні	Бала саны	Жауапты
1	Үстел теннисі	Дүйсенбі	16	Сарсенов М.К.
2	Үстел теннисі	Бейсенбі	9	Беркінұлы Н.
3	Шахмат	Бейсенбі	9	Беркінұлы Н

Тәрбие үдерісі – бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды. Мектепте 1-9 сынып аралығында 69 оқушы бар, 1-4 аралығында – 32, 5-9 сынып аралығында – 37 оқушы бар. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің бәрі жоғары білімді және арнаулы орта, бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарады. Жалпы сынып жетекшілер саны – 12.

#### **Жоспар бойынша төмендегі шаралар өткізілді:**

Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

**Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:** балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

#### **Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:**

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

**Орталық қызметінің принциптері:**

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.
2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.
3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілуі мүмкін.

Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізіледі.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту көзделген.

**Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы мектебінде ашылды. Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы туралы толық мағұлмат берілді.**

**Қатысқан ата ана: 15**

**Сілтеме.**

«Қайырымдылық – қайырлы іс» еріктілер тобының жоспарына сай мектебіміздің еріктілер тобы және мектеп парламенті ауылымыздың қарияларына ауласын тазарту жұмыстарына көмектесті.

**Сілтеме.**

**Құқық бұзушылық тың алдын алу бойынша іс шаралары өткізілген:**

2023 жылғы 18.08.№2-0311-23-00512 хатына сәйкес төмендегідей шаралар жүргізілді:

- Мектебіміздің мамандары ПБ-нің қызметкерлерімен бірлесіп құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты қоғамдық рейдті уақытылы жүргізілді.

✦ **Мақсаты:** Түнгі уақытта кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдерінсіз көшелерде жүрмеуін, сауда – саттық дүкендерде алкогольдік пен темекі өнімдерін 21-жасқа толмаған азаматтарға саттырмауды қадағалау.

Сонымен қатар, «Тоғыз айға 9 ға 9 іс шара» жоспарына сай «Қазақ есебі» челленджі профессор А. Жұмаділдаев авторлық есептерін шешуге арналды.

**Мақсаты:** білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету.

Сілтеме.

Ақпан айында

📌 Тақырыбы: “Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс”

✅ Мақсаты: Ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту; Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.

А.ж. қыркүйек айының 27-сі күні мектебіміздің 5-9 сынып оқушыларына құқықбұзушылықтың алдын алу аясында мектеп инспекторы кездесу өткізілді. Отырысқа мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мектеп психологы, мектеп медбикесі қатысты.

Мектеп психологы оқушылар арасында белең алып келе жатқан буллинг тақырыбында сөз етіп, оқушыларды жақсы қарым-қатынаста болуға шақырды.

Мектеп медбикесі нашақорлықтың алдын алу мақсатында оқушыларға зиянды әдеттер туралы түсінік жұмысын жүргізді.

**Жауаптылар: Мукашева В.К, Аманкосов А.Ж**

**Қауіпсіз терезе бойынша өткізілген шаралар:**

білім басқармасының 18.10.2023 жылғы №2/5639 хаты негізінде терезелерден балалардың түсу фактілеріне жол бермеу және жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ата-аналар жиналысында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ақпараттар берілді.

Оқушылармен құқықбұзушылықтың алдын алу, ұрлыққа жол бермеу мақсатында жұмыстар жүргізіліп, пікір алмасу болды. Өткізген мектеп психологы әлеуметтік ұстаз Бастауыш сынып оқушыларымен «Абайлаңыз балалар!» тақырыбында жолда жүру ережелерін есте сақтауға, жол ережесін бұзбауға тәрбиелеу мақсатында тәрбие сағатын өткізді.

**Қатысқандар саны: 37**

**Жауаптылар: Мукашева В.К, Аманкосов А.Ж**

2023-2024 оқу жылында жасөспірімдердің мінез-құлқында кездесетін келеңсіз жағдайлардың алдын алу, түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу, өз-өзіне сенімділіктерін арттыру мақсатында жылдық жоспар құрылып жұмыстар өткізілді.

«Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» төменгі қабатта орналасқан. Апта сайын акт жасалып, журнал толтырып отырамын. Келіп түскен өтініш хаттар болған жоқ.

Қыркүйек, қазан айында оқушылардағы мазасыздықты, депрессияны, қорқыныш, үрейді анықтау мақсатында мектеп психологі. «DASS» сауалнамасы 8-9-сыныптан, «Зунге» 5-7-сыныптан «Р.Гудман» сауалнамасы, 8-9 сыныптардан алынды. Нәтижелері қалыпты. Қаңтар, ақпан айларында сауалнамалар қайта алынды. Нәтижелері қалыпты.

Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебінде "Жас ұлан және өзін өзі басқару" ұйымының белсенді мүшелері арасында "Нашақорлыққа жол жоқ" атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел сұхбат, әңгімелесу, пікірталас арқылы өтті. Оқушылар темекі, арақ, есірткі ұғымы туралы жалпы ойларын ортаға салды. Темекінің зияны туралы бейнебаян көрсетілді. Бейнебаян бойынша оқушылар өз ойларын ортаға салды. Дөңгелек үстел мақсаты: оқушыларға темекі, арақ, есірткі, ЖКТБ – ның қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан – жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана – сезімдерін дамыта түсу.

Мақсаты: Адамдарға жақсылық ойлау, ондағы адалдық, әділдік, шыншылдық сияқты адами құндылықтардың алтын орны, олардың адамдар үшін маңызы жайлы, адалдық пен шыншылдыққа, әділдікке бағдарлай отырып, әдептілік ережелерін қадағалауды үйрету;

Күтілетін нәтиже: Оқушы ізденіске ұмтылады, оқығанын талдап, мәнін аша біледі, ой қорытады, аз сөзбен түйіндеуге дағдыланады. Адами қасиеттерді, адалдық, шыншылдық, әділдікті бойына сіңіреді. Әлеуметтік жағынан дамыған, ұшқыр, ұтымды ойлап, белсенді қимылдайтын, өзгенің пікірін сыйлап, төзімділікпен тыңдай білетін саналы азамат болып қалыптасуға дағдыланады.

5-9-сынып оқушыларымен өмірге деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру мақсатында «Мен сені сүйемін өмір» атты тренинг өткізілді. Оқушылар өз ойларымен бөлісті.

7-9 сынып оқушыларымен өмір құндылығын тереңірек түсіндіру, өмірге құштарлығын дамыту, өмірдің мәнін түсіндіруге тәрбиелеу мақсатында «Өмірді бағала» тақырыбында тренинг өткізілді.

Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі бойынша "Қатігездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты апталықтың жоспарына сай 5-9 сынып оқушылары арасында "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туалы мағұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық жасамауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

Мектеп психологі "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты апталықтың жоспарна сай 7-9-сынып оқушылары арасында "Біз зорлық- зомбылыққа қарсымыз" атты тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылардан сауалнама алынып, постермен жұмыс жасап қорғады.

Мақсаты:

Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағұлмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету

Зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру.

Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бамауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал ету.

8-9- сынып оқушыларымен «Күйзеліс және оның алдын алу», «Көтеріңкі көңіл күй» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылып өткізілді.

Ата – аналарды зорлық-зомбылық түрлерімен таныстыру, мәлімет беру мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында слайдтар арқылы ақпарат берілді.

Құқықтық сауаттылықтарын арттыру, пікіралмасу мақсатында ата-аналармен «Құқықтық тәрбие қалыптастырудағы ата-ананың рөлі» тақырыбында тренинг өткізілді.

Зорлық – зомбылыққа қарсы 16 күн акциясы бойынша «Хабарласыңыз! Көмектесеміз!» айдарында ата-аналар мен оқушыларға «Сенім жәшігі және сенім телефоны» туралы ақпарат берілді.

Кибербуллингтен қорғау және алдын алу мақсатында ата-аналармен түсінік жұмыстары жүргізілді.

Бүкіләлемдік интернетке байланысты оқушылардың білімдерін нығайту, зиянды және пайдалы жақтарын айту мақсатында «Қауіпсіз интернет балалар үшін» тақырыбында түсінік жұмыстары жүргізілді.

Мектебімізде ешқандай келеңсіздік орын алған жоқ, әрекетте болған жоқ. Оқушыларға психологиялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде, қолдау көрсетілуде.

Келеңсіз жағдайға тап болған, себепсіз сабақтан қалған оқушылар болған жоқ.

**Қатысқандар саны: 26**

**Жауаптылар: Класс жетекшілер**

### **I. Құқықтық тәрбие**

**Мақсаты:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

- «Әділетті Қазақстан: Адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт»
- «Мен және менің құқығым»
- «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»

### **II. Ар-ұят тәрбиесі**

**Мақсаты:** Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

- «Отбасы – қоғам негізі»
- «Ұстаз! Сіздің алдыңызда...»
- «Еңбек бәрін жеңбек»
- «Отбасылық дәстүрлер»

- «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»

Сілтеме:

### **III. Ұлттық мүдде тәрбиесі**

#### **Мақсаты:**

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

- «1-қыркүйек - Білім күні»
- «Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл»
- «Тарих пен тіл тамырлас»

### **IV. Талап тәрбиесі**

**Мақсаты:** Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру

«Жаны саудың тәні сау»

- «Ұлы дала перзентімін»

Жеке оқушылармен оның ішінде талантты және дарынды балаларға күрделі тапсырмалар берілді. Ата-аналармен тоқсан соңында оқушылардың оқу үлгерімі, кездескен қиындықтар және оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында жиналыстар өткіздім. Кейбір ата-аналармен оқушылардың білімі мен тәрбиесі төңірегінде жеке және топтық кездесулер өткіздім.

Сыныпта өткізілетін тәрбие сағаттары мен тәрбиелік мәні бар іс-шаралардың уақытында өткізілуі нәтижесінде құқық бұзушы бала, ата-ана жоқ.

**Нәтиже:** Оқушылардың бойынан жүргізілген әрбір тәрбие сағаттары арқылы Отанға, мектепке, отбасына деген сүйіспеншіліктері оянды. Адамгершілік, имандылық, үлкенді сыйлау, кішіге көмек қолын созу, көпшілік ортада, жолда өзін қалай ұстау керек екенін үйренді. Мен оны оқушылардың сабаққа қызығушылықпен қатысуынан байқадым. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігі 2023-2025 жылдар аралығында білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізіп отыр.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» - ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл бағдарламада білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Еңбекқор, адал, саналы, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу – баршамыздың міндетіміз.

Мектебімізде сол себепті педагогтарға, ата-аналарға, сынып жетекшілерге бағдарламаның мақсат міндеттері таныстырылды. Мектебімізде 11 сынып жетекшісі біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарына негізделген тәрбие жоспары бойынша іс-шаралар ұйымдастыруда.

**Қаңтар айында** Веренка ЖНББ мектебінде «Даналық мектебі» Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жоспарға сай іс-шаралары өткізілді. **Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:** балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебімізде 10 жоба бойынша жұмыс жоспарлары құрылып, іс-шаралар өткізілуде. «9 айға 9 іс-шара» жобасы аясында ай сайын челленджер ұйымдастырылуда. қаңтар айында «Қазақ есебі» Мақсаты: білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету, ақпан айында «Оқуға құштар мектеп» челленджі наурыз айында «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі өткізілді.

Сонымен қатар ата-аналар мен класс жетекшілердің бірлесуімен құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты қоғамдық рейдті уақытылы жүргізілді.

✦ **Мақсаты:** Түнгі уақытта кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдеріңсіз көшелерде жүрмеуін, сауда – саттық дүкендерде алкогольдік пен темекі өнімдерін 21-жасқа толмаған азаматтарға саттырмауды қадағалау.

«Қайырымдылық – қайырлы іс» еріктілер тобының жоспарына сай мектебіміздің еріктілер тобы және мектеп парламенті ауылымыздың қарияларына ауласын тазарту жұмыстарына көмектесті.

**Аудандық жоспарға сай «ДОСБОЛЛИКЕ: достық қолын ұсын» акциясы аясында 17 қаңтар - 17 ақпан аралығындағы іс-шара жоспары бекітіліп, өткізілді.**

Р/с	Іс-шара атауы	Мерзімі	Сыныбы	Жауаптылар
1	«ДОСБОЛЛИКЕ: достық қолын ұсын» акциясы аясында лездеме	17.01.2024 ж	1-9	ДТЖО
2	«Көтеріңкі көңіл күй» үзіліс уақытында ойындар өткізу	22.01.2024 ж	1-9	Өзін-өзі басқару ұйымы
3	«Достық» туралы тренингтер	25.01.2024 ж	7-9	Педагог- психолог
4	«Бауырсақ пати» Мақал-мәтел айту.	30.01.2024ж	7-9	Өзін-өзі басқару ұйымы
5	«ДОСБОЛЛИКЕ: достық қолын ұсын»	31.01.2024ж	1-5	Өзін-өзі басқару ұйымы ДТЖО
6	«Көтеріңкі көңіл күй» Шын жүректен ... (тілек жазу) «Досыма хат»	05.02.2024ж	5-9	Өзін-өзі басқару ұйымы
7	«ДОСБОЛЛИКЕ тақтайшасы	07.02.2024ж	1-9	Өзін-өзі басқару ұйымы
8	«Кіші зияткерлік академия» Сабақ оқуға көмектесу.	09.02.2024ж	1-9	Өзін-өзі басқару ұйымы
9	«Театр және балалар» жобасы аясында қойылым	15.02.2024ж	1-4	Сынып жетекшілер
10	«ДОСБОЛЛИКЕ: достық қолын ұсын» акциясын қорытындылау	16.02.2024ж		Өзін-өзі басқару ұйымы ДТЖО

Қыз тәрбиесі жоспарына сай «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында дөңгелек үстелдің өткізілді.

Қатысқандар:

1. ДТЖО – Мукашева В.К
2. Жетекші – Атагуллина Г.Д
3. Психолог- Нурсултанова А.Ш
4. Медбике– Ерниязова Ш.
5. Шақырылғандар: 8-9 сынып қыздары

Іс-шараның мақсаты: Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көрнектілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу.

Веренка ЖНББМ 12ақпан - 16 ақпан аралығында кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Заңды білу – заман талабы» апталықтың іс-шара жоспары құрылып, іс шаралар ұйымдастырылды.

Отбасы-тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтарды алдын алу" мақсатында учаскелік полиция қызметкері Султанов Исатай Қуандыкович оқушыларымен дәріс өткізді. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес- жемқорлықты алдын алу мақсатында мектеп қызметкерлерімен "Алаяқтыққа жол бермейік" түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ата – аналарды зорлық-зомбылық түрлерімен таныстыру, мәлімет беру мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында слайдтар арқылы ақпарат берілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру " бойынша оқушылар арасында сауалнама, 1-9 сынып оқушылары мен мектеп қызметкерлері арасында " Балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілеріне ден қою, төтенше жағдайлар уақытында іс-қимыл алгоритмі" бойынша оқулары өткізілді.

“Кибербуллинг. Оқушылардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында мектеп психологі түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ауғанстаннан Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің шығарылғанына 35 жыл толуын мерекелеуге арналған іс шаралар жоспары құрылды. Жоспарға сай барлық іс шаралар уақытылы өткізілді.

№	Іс шаралар атауы	сыныбы	Өткізілетін уақыты	Жауаптылар
1	Ауғанстаннан Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің шығарылғанына орай тәрбие сағаттарын ұйымдастыру	5-7 сынып	8 ақпан	Матаева А.Б Купесова А.Е Нұрбергенова Б.Т

2	«Отты жылдардың естелігі» Ауғанстаннан Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің шығарылғанына орай дөңгелек үстел	8-9 сынып	9 ақпан	Аманхосов А. Ж Наурызбайұлы Е
3	«Ауған соғысының ақиқаты» эссе	9 сынып	13 ақпан	Кулушов Б.А
4	«Ерлікке тағзым» кітап көрмесі		ақпан	Тулипбергенова З.М
5	Спорттық жарыстар өткізу (қаза тапқан жауынгерлерді ескі алуға арналған)	1-4 сыныптар	16 ақпан	Беркінұлы Б
6	«Мерген сарбаз» пневматикалық мылтықпен нысана көздеп ату жарысы	5-9 сынып	9 ақпан	Сарсенов М.К

Жер сілкінісі кезіндегі халық арасындағы дүрбелеңге жол бермеу мақсатында, мектеп оқушылармен практикалық оқу жаттығулар ұйымдастырылды

1 наурыз Алғыс айту күніне орай 1-9 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді.

2024 жылдың 5 наурыз күні жол көлік оқиғаларын алдын алу және жол қозғалысы ережелерін сақтау мақсатында бірінғай сынып сағаттары жоспары құрылып, 1-4 сынып оқушыларымен «Бала және бағдаршам», 5-9 сынып «Жолдағы қауіпсіздік сақтаймыз» тәрбие сағатын өткізді.

8 – наурыз Халқаралық әйелдер күніне орай Хор Ана челленджі, Мерген ару, мереклік концерт өткізілді.

14 – наурыз Көрісу күніне орай бірінғай сынып сағаттары

Наурызнама жоспарына сай

16 – Қайырымдылық күні «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» еріктілер тобы зейнеткерлердің ауласын қардан тазалауға көмектесті.

17 – Салт дәстүр күні.

18 - Ұлттық киім челленджі

19 – Жаңару күні

20 - Ұлттық ойын күні

21 – Ынтымақ күні

22 – Жыл басы мекелік концерт

23 – Тазару күні өткізілді.

Мектебімізде ешқандай келеңсіздік орын алған жоқ, әрекетте болған жоқ. Оқушыларға психологиялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде, қолдау көрсетілуде.

Келеңсіз жағдайға тап болған, себепсіз сабақтан қалған оқушылар болған жоқ.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» - ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл бағдарламада білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Еңбекқор, адал, саналы, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу – баршамыздың міндетіміз.

Мектебімізде 12 сынып жетекші біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарына негізделген тәрбие жоспары бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. 2024-2023 оқу жылын талдай келе «Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы» 10 жоба бойынша жұмыс жасалды.

Төртінші тоқсанда тәрбие жоспарына сай сәуір айында «Оқуға құштар» жобасы аясында мектебіміздің кітапханашысы бастауыш сынып оқушыларымен «Үзілісте кітап оқу» ұйымдастырды.

Және де Оқуға құштар" жобасы аясында Веренка ЖНББМ Ақмола облысы Ақтөбе облысына жолдаған Қ. Қайсеновтың "Жау тылындағы бала" кітап челленджін қабылдады. Сонымен қатар "Жау тылындағы бала" кітабын оқып, оқушылар шығарма жазыды.

"Тоғыз ай 9 іс-шара" жобасы аясында оқушыларымыз Домбырашылар челленджі "Адай" күйін орындады.

5-9 сынып оқушылары арасында "Табиғатты аялайық" Су тасқыны және көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау атты тақырыптарына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Өткізген Мәртөк орман шаруашылығының күтушісі Дықун М.И.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында мектебіміздің еріктілер тобы, Жасұлан ұйымының мүшелері, мектебіміздің кіші қызметкерлері қатысуымен «Таза сенбілік» ұйымдастырылды.

Достық ауылында экологиялық науқанының басталғаны туралы әлеуметтік желіге жарияланды.

Ғарышкерлер күніне орай сынып жетекшілер тәрбие сағаттарын өткізді.

1 мамыр күні еліміздегі көп ұлтты этностардың бір шаңырақта «Біз әртүрліміз, бірақ Біз теңбіз!» қағидасын сақтай отырып, ұлттардың тату тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын атап өту маңызды. Осы қағиданы негізге ала отырып, «1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күні» бірінғай «Бірлік сабақтары өткізілді.

«Кұстарға ұя сыйла» экология акциясы өткізілді. «Қазақстан біздің сүйікті, ортақ Отанымыз»

1-4 сынып диктант, 5-9 сынып эссе жазды. «Тал егу -игі іс»экологиялық акциясы өткізілді. «Ерлік-ұрпаққа мұра», «Біз Отан қорғаушылармыз», Еркін елдің ұланымыз »атты тәрбие сабақтары өткізілді. «Ұранды елдің ұрпағы қайсар» патриоттық әндер байқауы өткізілді. «Тыл ардагерлерін шақыра дәстүрлі «Ерлік сабағы» өткізілді. «Ұлы жеңіс үшін мақтаныш пен патриоттық сезімді тәрбиелеу мақсатында «Жеңіс хаты» акциясын ұйымдастырылды. «Ерен ерлері есімізде» , «Желбірей бер,Жеңіс туы,мәңгілік туы» атты оқушылардың құттықтауы өткізілді. 4- сынып оқушылары Алға ауданынан тенниске қатысып III орын алды.Аналар күні, Отбасы күніне орай тәрбие сағаттар өткізілді.

16- мамыр күні 14 – жасқа дейінгі оқушылар «Жол қозғалысының жас инспекторы» атты байқауға қатысып алғыс хат иеленді.

29- мамыр күні жоспардан тыс қамқоршылық кеңесінің отырысы өткізілді.

1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы

2. 2023-2024 оқу жылының бірінші жарты жылдығына мектеп жұмысына талдау

3. Оқушылардың жаз мезгіліндегі өмір қауіпсіздігі.

4.Әр түрлі мәселелер Жаз мезгіліндегі оқушылардың қала сыртындағы республикалық лагерлерге қатысымы туралы айтылды.

24-мамыр күні «Білімім – Отаныма»атты тәрбие сағаты өткізілді.

Сонымен қатар,24-мамырда 9 сынып түлектері «Мен.Мектеп.Ұстаз» атты тақырыбында эссе жазды.Бұл өткізілген тәрбие сағаттары , әңгімелесулер,кездесулер,мерекелік іс- шараларға балалар ерекше ықыласпен қатысты. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша жұмыстар жүргізілді.Еріктілер жыл бойы жоспарлаған жұмыстарын уақтылы өткізді

#### **Әлсіз тұстары:**

«Балалар және театр» жобасы бойынша жасалған жұмыс қанағаттанарлықсыз деп бағалаймын.Келесі оқу жылына осы жобаға басымдылық берілуі керек.

Қорыта келе 2023-2024 оқу жылының атқарған жұмысты «қанағаттанарлық» деп бағалаймын.

#### **Мектепте жабдықталған :**

- жол қозғалысы ережелерін үйрету бұрышы ;

- сыныптық бұрыштар ЖЖЕ бойынша кабинеттерде бастауыш сынып;

Күн сайын, соңғы сабақта бастауыш сыныптарда көшелер мен жолдардағықауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін сақтау туралы "қауіпсіздік минуттары" еске салу әңгімелері өткізіледі. Біз ауылда тұратынымызға қарамастан, жол қозғалысы ережелерін бұзудың әрбір жағдайы сынып сағаттарында талқыланады. Директор жанындағы кеңестерде, сынып жетекшілерінің ЖЖЕ бойынша оқу бағдарламасын орындау және сыныптан тыс іс-шаралар бойынша жұмысы туралы есептері тыңдалады. Ата-аналар жиналыстарында балалардың жолкөлік жарақатының жай-күйі, Жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін қозғалысқа қатысушылардың жауапкершілігі және балаларды көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын тәрбиелеудегі отбасының рөлі туралы мәселелер қаралады. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдары жүйелі түрде қабырға газеттерін шығарып отырды. "Назар аударыңыз! Жолда абай бол!».Оқу жылының соңында жол қозғалысы ережелері бойынша жоспарға сәйкес ай сайын сынып сағаттары өтіліп тұрады. Оқушылардың жазғы демалысына, сауықтырылуына және



жұмыспен қамтылуына дайындық кезеңінде мұғалімдермен балалармен жол-көлік оқиғаларының алдын алу мәселелері, оқушыларды ұйымдасқан тасымалдау ережелері бойынша нұсқаулық кеңестер беріледі. Нұсқаманы өткізу кезінде барлығын қол қойғызып "жадынама-нұсқаулықпен" таныстырамыз және күнделік кз енгізіледі.«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда 10 сағат сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. ЖҚЕ оқыту 45 минуттық сынып сағаттар өтіледі. Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алуда оқушылармен сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор.1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары бойынша жүргізілді. Бастауыш, негізгі орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

- Оқушының денсаулығы, оның эмоционалды жағдайы, физикалық және психикалық дамуы және әлеуметтік-психологиялық бейімделуі көбінесе сыртқы ортамен, ол өмір сүретін жағдайлармен байланысты болады. Оқушылар үшін негізгі орта мектеп болып табылады, онда олар өздерінің 70% уақытының өткізеді. Сондықтан білім беру процесін ұтымды ұйымдастыру ерекше маңызды. Оқу сабақтарының дұрыс құрастырылған кестесі және еңбек пен демалысты гигиеналық тұрғыдан оңтайлыұйымдастыру, сабақтар мен оқу аптасы мен демалыстың ауысуы сөзсіз маңызды болып табылады. "Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі" КММ-де білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне сәйкес келеді және сақталады. Барлық сыныптарда білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемі сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі сәйкес келеді және сақталады.

ҮОЖ белгілеген нормаларға сәйкес келеді және сақталады. 2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптардағы білім беру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде 24 оқушыдан асқан 1-11 сыныптар:

1) шет тілі (ағылшын тілі)

2) көркем еңбек

3) цифрлық сауаттылық және информатика (1 сыныптан басқа) -пәндерінен топқа бөлінеді.

Оқушылардың сапалық құрамына сүйене отырып жоғарыда аталған пәндер бойынша екі топқа бөліп оқытылмайды..

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Занының 5-бабының 14) тармақшасына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес, Ерейментау ауданы білім бөлімінің 19.08.2022 жылғы №192 бұйрығы негізінде 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдері "Веренка жалпы негізгі білім беретін мектебі" КММ - де 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтылығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалды:

1) 2023-2024 оқу жылының басталуы -2023жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтылығы 1-сыныптарда -33 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда -34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:1-11 (12)-сыныптарда: күзгі каникул -7 күн (2023 жылғы 30 қазан мен 5 қараша аралығында), қысқы -10 күн (2023жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі -11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 5-11 ақпан аралығында);

Жыл бойы 2-11 (12) сыныптардағы сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптарда оқу сабақтарының "сатылы" режимі: қыркүйек айында – 35 минуттан, қазан айынан бастап 45 минутқа дейін ұзартылып өткізілген.

### **Оқу- материалдық активтер**

1. Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер Мектептің жалпы алаңы – 0,4327га, 1 қабатты ғимарат. Мектептің жалпы ауданы 668,9 м2, жұмыс ауданы 574,1м2. Мектепте спорт зал жоқ, 1 спорт алаңы, 60 орындықты асхана, 1 информатика класы, медициналық кабинет, кітапхана, басқа пәндер бойынша 5 оқу кабинеттері бар. Жылыту қазандығы мектепте орналасқан. Информатика пән кабинеті құжаттандырылған. Барлық кабинеттерде оқушылардың санына сай қажетті жиһаздар жабдықталған. Мектебімізде 1 жерден WI-FI желісі іске қосылған. Оқушылардың сапалы білім алуы үшін оқу кабинеттері оқу жылының соңында жаңадан парталар мен оқушы орындықтарымен, мұғалімдерге үстелдер мен орындықтар, шкафармен толықтырылуда. Қыздар мен ұлдарға арналған жеке көркем еңбек кабинеттері жоқ. Қыздарға арналған кабинетте 1 іс машинасы бар.

Техникалық қауіпсіздік ережелерінің сақталуы туралы құжаттар бар. Оқушылар нұсқаулықпен танысқан, қолдары қойылған

2. Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер Медициналық кабинеттің лицензиясы №АК 10571DD 2012 жылы 05 мамыр күні берілген. Медициналық кабинеттің аумағы -31,32кв/м. Медициналық кабинеттің құжаттары толық жинақталған. Медициналық қызметкер, Ерниязова Шаригуль Мадияровна,Ходжейли район мед колледжі обший медсестра, еңбек өтілі – 13жыл. Мектептің медициналық бақылау құжаттары толық. Әр оқушының денсаулығына байланысты құжаттардың бәрі бар.

3. Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер

Оқушылардың сапалы тамақтануын қамтамасыз ету үшін бейімделген 60 орындық асхана бар. Асхана қажетті құрал – жабдықтармен: электроплита-1, тоңазытқыш-1, қолжуғыш-2, жылытқыш-1 және ыдыс-аяқтармен қамтамасыз етілген 2023-2024 оқу жылында оқушылар ыстық тамақпен қамтылды.

. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Мекемеде 1 информатика кабинеті, 1 проектор бар. Жалпы мектепте 41 компьютер, 20 нетбук бар. Оның ішінде 13 компьютер істен шығып отыр. Жөндеу қажеттілікті талап етеді. Информатика кабинетінде жалпы алаңына байланысты– 15 компьютер, 20 нетбук қосылған. Интернет желісіне 10 компьютерлік техника және 20 нетбук қосылған.

Кітапхананың 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мектеп директорымен бекітілген. Кітапхананың жылпы алаңы 29 кв/м, отыратын орын 8 адамға жасақталған. Кітаппен қамту бойынша алфавиттік картотека бар. Жылдық кітап қорын толтыру жұмыстары, кітапханадағы тақырыптық оқу конференциялар, дөңгелек үстелдер мен семинарлар жұмыстары туралы ақпарат фото суреттермен, өткізілген іс-шаралардың әзірлемесімен толық жазылып, бума болып жинақталған. Оқырмандарға кітап беру тіркеу және оны есепке алу туралы мәліметтер тіркелген. Кітапханадағы кітаптар саны бойынша тізімдеу санағы жүргізілген. Мектепте оқушылар 100% оқулықтармен қамтамасыз етілген.

Білім алушылардың білімін бағалау

1 ) әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша оқушылардың дайындық деңгейі үлгілік оқу бағдарламаларына және МЖМБС талаптарына сәйкес келеді. Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ғылым жүйесінің базистік негіздерін меңгеруіне, оларда тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі айқындауына және кәсіптік бағдарлануына, сондай-ақ білім алушылардың бейіналды даярлығына бағытталған. Білім алушылардың дайындық деңгейі "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" сияқты бірнеше ұқсас оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшелігін ескере отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы

айқындалады. Білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер білім берудің базалық мазмұнын айқындау үшін негіз болады. Жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларында білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсатында нақтыланады.

"Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар" жұмыс бағдарламасының блогында "білу/түсіну", "білу" айдары бойынша талаптар көрсетілген. (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының көшірмелері қоса беріледі)

2) 2, 3, 4 сыныптарды орындау мүмкіндігін ескере отырып, үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №182 бұйрығымен бекітілген «ҚР орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа ала отырып, оқушыларға үй тапсырмасын беру ұйымдастырылған.

Мектепте пәндерге байланысты үй тапсырмасын ұйымдастыруда мына жағдайлар ескерілген:

- 1) сабақ кестесіне сәйкес басқа пәндерден үй тапсырмасының болуы және оның көлемі;
- 2) жекелеген пәндер бойынша оқудың бірнеше мақсаттары негізінде оқу жобалары нысанында үй тапсырмаларын ұйымдастыру;
- 3) шағармашылық сипаттағы үй тапсырмасын (мысалы модель жасау, қызықты оқиға, өз ертегісін жазу) орындау мерзімі бір білім алушыға кем дегенде бір апта және айына көп дегенде бір тапсырма шегінде.
- 4) Бейнелеу өнері, көркем еңбек, музыка, өзін-өзі тану, технология, дене шынықтырудан үй тапсырмасын өзге пәндермен кіріктіріп беру.

Үй тапсырмасын мына жағдайларда берілмейді:

- 1) мерекелік және демалыс күндері (көркем, жалпы дамуға арналған қосымша әдебиетті оқудан, жобалық жұмыстан және математикалық мектептерге арналған есептерді шешуден басқа);
- 2) бақылау жұмыстарын өткізгеннен кейін;
- 3) бірінші сынып оқушыларына

Үй тапсырмасын (бір оқу күнінде) орындауға кететін уақыттың көлемі - 2 сыныпта - 50 минуттан, 3-4 сыныптарда - 70 минуттан, 5-6 сыныптарда - 90 минуттан, 7-9 сыныптарда - 110 минуттан аспайды. Әр пән бойынша берілген үй тапсырмасының көлеміне қарай минуттар [kundelik.kz](http://kundelik.kz) электронды журналына белгіленген.

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау; «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекітутуралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 28.08.2020 жылғы №373 бұйрығы негізінде оқушылар бағаланады.

Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі. Жиынтық бағалау 2-9 сыныптарда жүргізіледі. Бұл ретте пәндер бойынша 1 бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау өткізіледі.

1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды. Формативті бағалау, БЖБ және тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

Қалыптастырушы бағалау нәтижелері күн сайын электрондық/қағаз журналға балл түрінде қойылады. Қалыптастырушы бағалау үшін ең жоғары балл 2-9 сыныптарда 10 балдан аспайды, бұл ретте 1-3 балл төменгі деңгей критерийлеріне сәйкес келеді, 4-7 балл – орта деңгей, 8-10 балл – жоғары деңгей. Мұғалім күн сайын журналда білім алушылардың оқу жетістіктерінің

ілгерілеуін келесі саралауға сәйкес балл түрінде белгілейді. Кеңейтілген кері байланыс үшін мұғалім оқушының электронды күнделігі арқылы түсініктемелер түрінде ұсынылатын айдарларды қолданады. Оқу жылының басында ата-аналар мен мұғалімдерге электрондық журналды пайдалану туралы жадынама берілген. Электрондық журнал қалыптастырушы бағалау үшін орташа балды автоматты түрде шығарады және ТЖБ бағанына дейін орналастырылған жеке бағанға қояды. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау үшін орташа балл, БЖБ мен ТЖБ нәтижелері бойынша тиісінше 25%, 25% және 50% пайыздық арақатынаста қойылады.

4) Мектептің ішкі күшті жақтары:

1. Педагогикалық кадрлармен толық қамтылуы.
2. Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптардың болуы, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етудің болуы. Оқушыларды 100% оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуі.

Мектеп директоры:



Н.Бижанова